



## БҰЙРЫҚ

27.12.2024

Саран қаласы

## ПРИКАЗ

№ 187

город Сарань

### Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурызындағы №320 Қаулысына, Қарағанды облыстық маслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы X сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған облысдық бюджет туралы» №119 шешіміне, «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасынан қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиелейтін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы №598 бұйрығына, "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпанындағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығына, «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 16 бұйрығына, «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ 2024 жылғы 29 қарашасындағы №687 бұйрығына, «Саран қаласының білім бөлімі» ММ 2024 жылғы 19 желтоқсанындағы №253/7 бұйрығына сәйкес **БҰЙРАМЫН:**

1. 2024 жылдың 09 қаңтарынан бастап, жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сыныптың білім алушыларын және Қазақстан Республикасы



Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен қарастырылған бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.

2. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тағам үлесінің массасын граммен көрсеткен перспективалық екі апталық мәзір басшылыққа алынсын.
3. Сынып жетекшілер кесте бойынша 1-4 сынып оқушыларын ақысыз тамақтануға апару, оқушылардың тамақтануға бару тәртібі қадағалансын.
4. Мектеп асханасында ата-аналар төлемі есебінен тамақтанатын оқушылардың қолма-қол ақшасыз есеп айырысуы ұйымдастырылсын.
5. Мектептегі оқушылардың тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурстың «Мектепті тамақтандыру» айдарына орналастыру директордың ТЖЖ орынбасары Лаура Аскеровна Амангельдиеваға, әлеуметтік педагог Баян Канатовна Махмутоваға жүктелсін.
6. Күнделікті перспективтік ас мәзірін «Білімал» автоматтандырылған жүйесіне енгізілсін.
7. Дәрігер қызметкері Оралсын Советовна Рахимбаева жадынамаға сәйкес талаптарды қатаң түрде орындап, құжаттар жүргізілсін.
8. Мектеп асханасында туған күн және басқа да кештердің өткізілуіне қатаң тыйым салынсын.
9. Тамақтануды бақылау және ұйымдастыру, тіркеу құжаттарын жүргізу әлеуметтік педагог Баян Канатовна Махмутоваға жүктелсін.
10. Бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың ТЖЖ орынбасары Лаура Аскеровна Амангельдиеваға жүктелсін.

Директордың м.а.

*Г. Серикова*



Г. Серикова

Таныстырылды:

*Б.К. Махмутова* Б.К.Махмутова  
*Л.А. Амангельдиева* Л.А.Амангельдиева  
*О.С. Рахимбаева* О.С.Рахимбаева  
« 27 » 12 2024ж